

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«БӨБЕК» ҰЛТТЫҚ ФЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ,
БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ

ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ

ОҚУШЫ ДӘПТЕРІ

5-СЫНЫП

Алматы
2017

ӘОЖ 373.167.1:159.9

Ә29

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру
бағдарламасының авторы С.А. Назарбаева

*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
министрлігі ұсынған*

**Р.О.Ізғұттынова, Ә.Қ.Оралбекова,
Б.Ш.Алиев, Г.Ә.Көшкеева**

Ә-29 Өзін-өзі тану: Оқушы дәптері. 5-сынып. / Р.О. Ізғұттынова,
Ә.Қ.Оралбекова, Б.Ш.Алиев, Г.Ә.Көшкеева – Алматы: «Бебек»
ҰҒПББСО, 2017. – 116 б.

ISBN 978-601-7819-63-7

5-сынып бойынша оқушы дәптері оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттер, топпен жұмыс орындаудына арналған. Дәптерде адам үшін аса маңызды рухани-адамгершілік құндылықтар мен қасиеттердің мән-мағынасын ашатын, оны күнделікті өмірде қолдану мақсатында әртүрлі тапсырмалар ұсынылған.

ӘОЖ 373.167.1:159.9

ISBN 978-601-7819-63-7

© «Бебек» ҰҒПББСО, 2017

ЖАС ДОС!

Оқу жылы бойына «**Жақсылық менен басталады**» атты тақырыппен жоба орындаитын боласың. Оқулық тарауларындағы оқу материалдарын оқып-менгери саған адам үшін аса маңызды «**Мен кіммін? Мен қандаймын?**» деген сұрақтарға жауап табуга көмектеседі.

Сен үшін өзінді тану, өзінді тануға үйрену өтө маңызды. Өзінді танысан, өзгелерді де тани аласың. Айналанаңдағы адамдарды түсінетін боласың, әлемді танып-білуге үмттыласың.

1-ТАРАУ

Әрбір адамды оның келешегі қызықтыратыны сөзсіз. Ал келешегінің жарқын, ашық болуы тек өзіңе байланысты. Сондықтан жобадағы алғашқы қадамың – «**Мен қандай адам болғым келеді?**» деген сұраққа жауап іздеу. Мұны түсіну үшін өзіңе сұрақтар қойғаның жөн.

- Менің қалауым не?
- Мен нені жақсы көремін?
- Мені не қызықтырады?
- Менің қандай қабілеттерім бар?
- Мен достаса аламын ба?
- Мен достарыммен бірге не істегенді ұнатамын?
- Маған адамдарға көмектескен үнай ма?
- Мен ата-анамнан нені үйрендім?

Жоба күнделігіндегі бос параптарға «Келешекке үніліп қара» деп аталатын өз балақай-кітапшанды жаса. Кітапшанда суреттер, фотосуреттер, коллаждар, жапсырма суреттер, өзің туралы әңгіме, армандарың мен мақсаттарың туралы өлеңдер, дәйексөздер, ұлы адамдардың ой-пікірлері болуы мүмкін. Өз қалауынды, жағымды ойларынды, үшқыр қиялышынды, асқақ арманынды жүзеге асыра аласың.

Саған жобаның бірінші бөлімін орындауға оқулықтың бірінші тарауындағы аңыздар, әңгімелер, өлеңдер, тапсырмалар көмектесетін болады.

Сұрақтарға жауаптарынды, бақылауларынды, ойларынды дәптерде берілген жоба күнделігіне жазып толтыр.

2-ТАРАУ

«Ағаш – жемісінен, ал адам ісінен білінеді» деген халық нақылы бекер айтылмаған. Жобаның екінші қадамы – «**Мен не істей аламын?**» деген сұраққа жауап іздеу. Не істей алатынынды ойланып ал. Ойлана келе, қиялышынды, білігінді пайдалана отырып, кез келген қол жетімді материалдардан (қатырма қағаз, мата, пластик ыдыстар, полиэтилен пакеттер және басқалар) шығармашылық жұмыстар орында. Шығармашылық жұмыстарыңың көрмесін жаса.

Басқалардың игілігі үшін өз қабілетінді қалайша қолдануға болатынын талқыла. Жобаны орындау үшін сыныптастарыңмен бір топқа біріккенің дұрыс. Жұмысынды сұрақтарға жауап беруден баста.

- **Жоба тақырыбы:** жобамызды қалай атасақ болады?
- **Жоба нысаны:** кімге және қалай көмек бергіміз келеді?
- **Жоба пәні:** не істегім келеді?

- Жоба мақсаты: мұны не үшін істегім келеді?
 - Жоба жоспары: жоба мақсатына жету үшін қандай қадамдар жасауым қажет?
 - «Жақсылық менен басталады» деген ұранға біздің жоба несімен сәйкес келеді?
 - Жобадағы іс-әрекеттерім мен үшін неліктен маңызды?
- Жоба жоспарын және жобаның дайындық барысын дәптердегі жоба күнделігінде көрсет.

3-ТАРАУ

Өз жобаңды іске асыр. Жобаның дайындық барысын дәптердегі жоба күнделігінде сипаттап жаз. Сұрақтарға жауап бер:

- Жоба орындау кезінде топта қандай қарым-қатынас орнады?
- Жобадағы топпен жұмыс жасау барысында қандай қасиеттерінді дамыта алдың?
- Өз жобаларыңың көмегімен басқаларға қандай жақсылықтар жасай алдың?
- Жобаны орындау барысында өз бойынан қандай өзгерістерді байқадың?
- Жоба барысында қандай біліктер мен дағдыларды игердің?
- Жоба нәтижесінде болашаққа қандай мақсаттар қойдың?

4-ТАРАУ

«Жақсылық менен басталады» атты ұранмен жоба презентациясын дайында. Жоба қорғау еркін түрде беріледі (электронды түрдегі презентация, сөз сөйлеу, сахналық көріністер және басқалар).

Жобаны қорытындылай келе, сұрақтарға жауап бер.

- «Өзін-өзі тану» пәнін оқи отырып, осы оқу жылында не істей алдым?
- Өз жобамды орындау арқылы қандай нәтижеге қол жеткіздім?
- Жобамен жұмыс кезінде қандай әсерге бөленидім?
- Нені білдім? Не түсіндім? Нені үйрендім?
- Қандай адам болғым келетінін түсінуге жоба көмектесе алды ма?
- Өзімді-өзім жетілдіруге жоба жұмыстарының қандай ықпалы болды?

Жоба қорытындыларын дәптердегі жоба күнделігінде көрсет.

I ТАРАУ ТАНЫМ ҚУАНЫШЫ

1–2 сабактар МЕН ӨЗІМДІ ТАНИМЫН

Өзінді өзің танысаң – істің басы.
Шекерім Құдайбердіұлы

1-тапсырма

Берілген сұрақтар бойынша ой-толғау жаз.


Мен кіммін?


Менің мақсатым қандай?

Менің арманым не?

2-тапсырма

Суреттерді боя. Суреттің бірін тандап, ондағы іс-әрекетті сипаттап жаз.





3-тапсырма

«Жақсы адам үшін не істей аламын?» деген сұрақта жауабынды жоспар түрінде жаз.

4-тапсырма


«Жақсы болу – парызым» тақырыбына эссе жаз.

ЖОБА КҮНДЕЛІГІ

Менің қалауым не?

Мен нені жақсы көремін?

Мені не қызықтырады?



3–4 сабақтар МЕНИҢ ТАЛПЫНЫСТАРЫМ

Ізденген жетер – мұратқа.
Халық нақылы

1-тапсырма

Берілген сөздерді оқы. Өзіңнің не үшін талпыныс жасайтыныңды, не нәрсеге үмтүлатыныңды таңdap жаз.

- мейірімді болу үшін,
- әділ болу үшін,
- тәтті тамақ жеу үшін,
- жылтырақ киімдер кию үшін,
- терең білім алу үшін,
- адаптация ету үшін,
- өзімді өзім тану үшін,
- көбірек ойнау үшін.

2-тапсырма

«Менің арманым» тақырыбында эссе жаз.

3-тапсырма

«Менің талпыныстарым» тақырыбында эссе жаз.

Эссе жазу кезінде мынандай мәселелерді ескер:

- басты мақсатын,
 - өз талпыныстарыңың тізбесі,
 - өз бойындағы жақсы қасиеттер,
 - қол жеткізген жетістіктерің,
 - өзіңе қоятын талаптар.

4-тапсырма

Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып өлеңді оқы.

Адам болғым келеді

Сәрсөнбі Дәуітөв

Адалдықты сүйетін жүрегімен, жанымен,
Бал булақтай мөп-мөлдір ... болғым келеді.

Кындықтан қайтпайтын ... болғым келеді,

Адамдардың бәрінен ... болғым келеді,

Ең бастысы өмірде – ...

Қажетті сөздер: таза, дана, бала, кіші, асыл, ақын, кісі.




ЖОБА КҮНДЕЛІГІ

Менің қандай қабілеттерім бар?

Мен достаса аламын ба?

Мен достарыммен бірге не істегенді ұнатамын?



5–6 сабақтар

ТАНЫМҒА БАСТАР ЖОЛ

**Жақсыдан үйрен,
Жаманнан жирен.
Халық нақылы**

1-тапсырма

Адамгершілік қасиеттер туралы өз түсінігінді жазып, кестені толтыр.

Адамгершілік ұғымдар	Адамгершілік ұғымдар туралы түсінік
Жауапкершілік	Адамның белгілі бір істі, өзіне тапсырылған міндетті қалтқысыз орындауды.
Адалдық	
Әдептілік	
Қамқорлық	
Кешірімділік	
Татулық	

2-тапсырма

Жағдаят бойынша сұрақтарға жауап жаз.

Сенің арманың әлемді шарлайтын жиһанкез болу.

- Ол үшін алдыңа қандай мақсат қоясың?
 - Мақсатыңа жету үшін қандай қадамдар жасайсың?

3-тапсырма

«Қайырымдылық – қайырлы іс» атты қайырымдылық акциясын өткізуудің жоспарын жаз.

4-тапсырма

«Мейірімділік» сөзіне өлең құрастырып жаз.


Өлең жолдарын мына тәртіп бойынша қурастырып жаз:

- 1- жол: 1 сөзден тұратын қасиет атауы,
 - 2- жол: 2 сөзден тұратын қасиетке анықтама,
 - 3- жол: 3 сөзден тұратын қасиеттің мағынасы туралы тереңірек айту,
 - 4- жол: 1 сөзден тұратын қасиет туралы қорытынды.

ЖОБА КҮНДЕЛІГІ

Маған адамдарға көмектескен үнай ма?

Мен ата-анамнан нені үйренидім?



7–8 сабақтар МЕН – АДАММЫИН!


Адам деген ардақты ат. Халық нақылы


1-тапсырма

«Өзімді танумен өсіп келемін» тақырыбында шағын шығарма жаз.

2-тапсырма

Қамқорлықты көрсететін суреттерді боя. Олардың бірін таңдаң, сипаттап жаз.





3-тапсырма

Жағдаяттарды шеш.

1. Асханаға тамақтануға келгенінде еденде шашылып жатқан нан қалдықтарын көрдің.
Сенің әрекетің қандай?

2. Мектеп дәлізінде келе жатқанда жерде жатқан қолғапты байқап қалдың.
Сенің әрекетің қандай?

3. Сабақтан үйге қайтқан жолда ауыр сөмкесі бар қарт адамды кездестірдің.
Сенің әрекетің қандай?

4. Үйге кіреберісте көршілеріңмен кезігіп қалдың.
Сенің әрекетің қандай?

4-тапсырма

Айналандағы адамдардың атқарған қайырымды істері туралы шағын жоба құрып жаз.

Жобаны мынандай жоспар бойынша құруға болады:

- өзің таңдаған адам туралы шағын мәлімет,
 - ол адамның адамгершілік қасиеттері,
 - оның қайырымды істерінен мысалдар,
 - үнемі айтатын ақыл-кеңестері,
 - сенің ол адамға ризашылығың, алғысың.

ТЕСТИЛЕУ

Дұрыс жауапты тауып, белгіле.

1-тест

Мұғалім оқушыларға әңгімені іштей оқуға тапсырма берді. Сен әңгімені дауыстап оқып, сыныптастарына кедергі келтірдің. Балалар саған реніш білдірді.

Сенің әрекетің қандай?

- А) Бұл қылышынды мойындасаң да, кешірім сұрамайсың.
- Ә) Сен бұл қылышыңа мүлдем ұялмайсың.
- Б) Сен сыныптастарыңнан кешірім сұрап, енді бұлай істемеуге уәде бересің.

2-тест

Анаңың үй шаруасынан қолы босамай, саған інінді ойната тұруды тапсырды. Ал сен теледидарға қарап, тапжылмай отырдың. Інің жылап, анаңың мазасын алуда.

Сенің әрекетің қандай?

- А) Теледидар көріп отыра бересің.
- Ә) Теледидарды өшіріп, інінді ойнатасың.
- Б) Ініңің анаңың мазасын алғанын байқамағансып отыра бересің.

3-тест

Кеше досың екеуің ұзақ уақыт футбол ойнадыңдар. Ал досың бүгінгі сабакқа дайындалмай келгендейтін, тақта алдында қызырып тұр. Сенен көмек күткендей қарай береді.

Сенің әрекетің қандай?

- А) Байқамағансып отыра бересің.
- Ә) Алдымен сабакқа дайындалып, сосын ойнау керектігін ұйғарасың.
- Б) Көмектескің келеді-ақ, бірақ еш пайдасы жоғын түсінесің.

4-тест

Әкең сені алғаш рет нағашыларыңың ауылына ертіп барды. Нағашыларың сені көріп, қуанып жатыр.

Сенің әрекетің қандай?

- А) Нағашыларыңа қол беріп амандасасың.
- Ә) Үндемеместен тұра бересің.
- Б) Олардың аты-жөнін білмейтініңді ойладап, амандасуды жөн санамайсың.

ЖОБА КҮНДЕЛІГІ

Менің жобадан үйренгенім

Жобада дамытқан құндылықтарым мен қасиеттерім

Менің жобадан түйгенім

9-10 сабақтар АДАМ МІНЕЗІ

Kіcіге екі дүниеде пайдалы нәрсесізгі іс немесе мінезі тұзулік

Жусіп Баласағұны


1-тапсырма
Жағдаяттың шешімін жаз.

Айгүл мен Айман дос. Бір күні қоңырау кезінде Айгүл байқамай Айманның аяғын басып кетті. Айман оған ашуланып бірден Айгүлдің де аяғын басты. Екі дос бір-біріне ренжіп, сол күні сөйлеспеді...

- Сенің әрекетің?


2-тапсырма

Суреттерге қара. Саған қайсы сурет ұнайды? Неліктен ұнайтынын жаз



3-тапсырма

Суреттерге қарап, өз ойыңмен бөліс. Қандай іс-әрекеттерді жақсы мінезге жатқызуға болады? Жазып көрсет.





4-тапсырма

Қажетті сөздердің ішінен жақсы мінезге тән қасиеттерді теріп жаз.

Қажетті сөздер: кішіпейілділік, қырсықтық, адалдық, аққөнілділік, мақтаншақтық, жауапсыздық, қайсарлық, мейірімділік, ұстамдылық, ашуланшақтық, жігерлілік.

ЖОБА КҮНДЕЛІГІ

Жоба тақырыбы: жобамызды қалай атасақ болады?

Жоба нысаны: кімге және қалай көмек бергіміз келеді?

Жоба пәні: не істегім келеді?

11-12 сабактар БОЛУ – БОЛЫП КӨРІНУ ЕМЕС

Адамды айтқан сөзінен емес,
істеген ісінен таниды
Халық нақылы

1-тапсырма

Жағдаят бойынша сұраққа жауап жаз.

Арман мен Асан көрші. Бір күні Асан Арманның велосипедін тебуге сұрады.

Арман:

– Бір сағат теуіп, алып кел, мен апамның үйіне сүт апарып беруім керек, – деді.

Асан:

– Мен уақытында әкелемін, уәдемде тұра аламын, – деді. Сөйтіп Асан велосипедін теуіп кетті.

Бір сағат өтті Асан көрінбеді. Бір сағат отыз минут болды, Асан жоқ. Арман не болды еken деп, Асанның үйіне барса, оның анасы Асанның көрші ауылдағы досының үйіне кеткенін айтты.

Арман көнілсіз үйіне келді. Ары журді, бері журді Асанның сөзінде тұрмағанын, айтқанын орындағанын түсінбеді.

• Сен қалай ойлайсың?

2-тапсырма

Ойы, сөзі, ісі бірлікте болатын адамға сипаттама жаз.

3-тапсырма

«Уәде берсөң, орында!» тақырыбында эссе жаз.

4-тапсырма

«Жүрек – жылдылық ұясы» тақырыбында шағын шығарма жаз.

ЖОБА КҮНДЕЛІГІ

Жоба мақсаты: мұны не үшін істегім келеді?

Жоба жоспары: жоба мақсатына жету үшін қандай қадамдар жасаудың
қажет?

13-14 сабактар ЕҢБЕК ҚУАНЫШЫ

Еңбек түбі – береке
Халық нақылды

1-тапсырма

Суреттерді боя. Суреттердің мазмұны бойынша құндылықтар мен қасиеттерді жаз.






2-тапсырма

Өзінің бір апта бойы жасайтын еңбегінің тізбесін жазып көрсөт.

Апта күндері	Еңбек іс-әрекеттері
Дүйсенбі	
Сейсенбі	
Сәрсенбі	
Бейсенбі	
Жұма	
Сенбі	
Жексенбі	

3-тапсырма

Суреттерді пайдалана отырып, сөзжұмбақты дұрыс шешсөн, өзінді қуанышқа бөлейтін, бақытқа жеткізетін сөзді оқи аласың.



4-тапсырма


Сұрақтарға жауап жаз.

- Өзінді үлкендер қандай еңбек түрлеріне үйретті?
 - Белгілі бір еңбекке үйренген кезіндеңі іс-әрекетің мен көніл күйінді сипаттап жазып бер.

ЖОБА КҮНДЕЛІГІ

«Жақсылық менен басталады» деген ұранға біздің жоба несімен сәйкес келеді?

Жобадағы іс-әрекеттерім мен үшін неліктен маңызды?



15-16 сабақтар

АДАМ ЖАНЫНЫҢ СҰЛУЛЫҒЫ

Сыртқы сымбат ішкі тереңдікке сай болуы керек *Ебіней Бекетов*

1-тапсырма

· Үлкендер, ата-анаң саған қандай ақыл-кеңестер айтады? Жазып бер.

2-тапсырма

«Мен үшін жаны сұлу адам» тақырыбында эссе жаз.

3-тапсырма

Қажетті сөздерді пайдаланып, «Жан сұлулығы» тақырыбына өлең құрастырып жаз.

Қажетті сөздер: мейірімділік, ақниет, адалдық, кеңпейілділік, ізгілік, әдептілік, қамқорлық, сүйіспеншілік.

4-тапсырма

Жаны сұлу адамның іс-әрекетін сипаттап жаз.

ТЕСТИЛЕУ**1-тест**

Сен үй жұмысын орындаپ отырсың. Ұялы телефонын шырылдап қояр емес. Бұл хабарлама жазып отырған сыныптас досың.

Сенің әрекетің қандай?

- А) Сен телефоннан шыққан дауысқа мән бермейсің.
- Ә) Досыңа кедергі келтіріп жатқанын айтасың.
- Б) Сен телефоныңды өшіріп тастайсың.

2- тест

Сынып жетекшісі Ермек екеуінің кезекші екендерінді ескертті. Сабактан соң кезекшілік атқаруға қалдындар. Ермек кезекшілік міндетін атқарудан бас тартты.

Сенің әрекетің қандай?

- А) Ермектің қылышын сынып жетекшісіне айтатыныңды ескертесің.
- Ә) Ермекке сияқты қырсығып, кезекшілік міндетінді атқармайсың.
- Б) Кезекшілік міндет қындық келтірмейтіндіктен, оны өзің атқарасың.

3-тест

Сен Арманға жексенбі күні отын жаруға көмектесемін деп уәде бердің. Сол күні сен Арманға баруды ұмытып кеттің.

Сенің әрекетің қандай?

- А) Шындықты айтып кешірім сұрайсың.
- Ә) Бұған өзінді кінәлі деп санамайсың.
- Б) Досыңың көнілінен шығу үшін сұлтау айта саласың.

4-тест

Досың Сәуле екеуін автобусқа міндіндер. Бос орын біреу болғандықтан, қыз балаға орынға отыруды ұсындың. Келесі аялдамада бір қарт кісі автобусқа мінді. Бос орын болмай қарт кісі тұра берді. Сәуле қарт кісіге орын ұсынуды ойлаған да жоқ. Сол сэтте алыста отырған ағай өз орнын ұсынды.

Сенің әрекетің қандай?


- А) Сен бұл жағдайда Сәуленің қылышына ашуланып, дүрсө қоя бересің.
- Ә) Дереу Сәуленің қылышының дұрыс еместігін айтасың.
- Б) Сен бұл жағдайды маңызды емес деп санағандықтан, үндемей тұра бересің.

ЖОБА КҮНДЕЛІГІ

Менің жобадан үйренгенім

Жоба дамытқан құндылықтарым және қасиеттерім

Менің жобадан түйгенім



III ТАРАУ АДАМ ЖӘНЕ ӘЛЕМ

17-18 сабактар ОТБАСЫ ТАТУЛЫҒЫ

Ана алдында – құрмет,
Ата алдында – қызмет
Халық нақылы

1-тапсырма

Қажетті сөздерді пайдалана отырып, «Менің отбасым» тақырыбында әңгіме құрастырып жаз.

Қажетті сөздер: мейірімділік, сыйластық, татулық, сүйіспеншілік, қамқорлық.

2-тапсырма

Мақал-мәтелдерді жалғастырып жаз.

1. Атаға қарап – _____

анаға қарап – _____

2. Атаның баласы болма, _____

3. Ұяда не көрсөн, _____

4. Ата көрген оқ жонар, _____

5. Аナンың сүті – бал, _____

6. Туған үйдің тұтіні жылды, _____

7. Анаңа ауыр сөз айтпа, _____

8. Әке – асқар тау, _____

3-тапсырма

Қажетті сөздерді пайдалана отырып, өзіңнен кішілерге арнап хат жаз.

Қажетті сөздер: еңбексүйгіштік, мейірімділік, әдептілік, жақсылық, сыпайылық, сыйластық, қамқорлық, жанашырлық.

4-тапсырма

Мәтінді оқы, оны өз ойынмен жалғастырып жаз.

Аяқталмаған ойын

Мәдіхат Төрежанов


Ауылдың шеті. Қарлы төбешікке су құйылып, сырғанақ жасалған. Бірнеше бала сырғанақ теуіп жүр. Олардың ішінде ағайынды Ахметовтер де бар. Ақан мен Асан екеуі бір шанаға отырып, төбеден төмен зымырайды. Беттері қызара бертіп, сырғанап ойнаудан жалығар емес. Ақан мен Асан төбе басына шықты. Шананың алдына Асан отыратын. Ол абайсызда шанадан айырылып қалды. Бос шана төмен қарай сырғанай жөнелді. Алысқа барып бірақ, тоқтады.

- Ақан, сен барып шананы алып кел, – деді інісіне Асан.
- Мен бармаймын. Шанаға ие бола алмаған өзің, сен бар, – деді Ақан.
- Жоқ, сен барасың. Сен менен кішісің, – деді Асан.
- ...

ЖОБА КҮНДЕЛІГІ

Жоба орындау кезінде топта қандай қарым-қатынас орнады?

Жобадағы топпен жұмыс жасау барысында қандай қасиеттерінді дамыта алдың?



19-20 сабактар АДАМ ҰЖЫІМДА

Сыпайылық, сабырлылық –
асыл адам белгісі
Мәлік Габдуллин

1-тапсырма

Мәтінді оқып, жағдаятты шеш. Шешімінді жазып көрсет.

Мектепте қабырға газеттерінен жарыс өтіп жатты. Талқылау түстен кейін қызып, газет шығарушылардың пікірлері тыңдалды. Барлық газет шығарушылар әдептілік сақтап, өз ойларын айтып бөлісті. Тек Ерланғана өзінің сыныбы шығарған қабырға газетін мақтап, басқа сыныптардың газеттерінен қате іздеп, сынап-мінеді. Қазылар алқасы өзінің әділ бағасын шығарып, нәтижені жариялай бастады. Ерлан өз газетінің аты аталғанша дегбірі қашып, тағаттана күтті, бірақ өкінішке орай, ол ешқандай орынға ие болмады...

•Мұның себебі неде?

2-тапсырма

Сөйлемдерді аяқтандар.

Үлкен кісіні

Үлкеннің тілін

Үлкендерге

Кішілерді

Оқу құралдарын

Автобусқа мінгенде

3-тапсырма

«Жанында жүр жақсы адам» тақырыбында эссе жаз.

4-тапсырма

Сыныптастарыңың ынтымақтастық үшін жасаған іс-әрекеттерін есіңе түсіріп жаз.

ЖОБА КҮНДЕЛІГІ

Өз жобаларыңың көмегімен басқаларға қандай жақсылықтар жасай алдың?

Жобаны орындау барысында өз бойынан қандай өзгерістерді байқадың?

21-22 сабактар АДАМИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР ӘЛЕМІ

Кішіпейілділік – кісінің көркі
Халық нақылы

1-тапсырма

Мәтінді оқы. «Әдепті адам қандай болуы тиіс?» тақырыбында ереже құрастырып жаз.

«Тәрбиелену үшін, өзім жүрген ортаның деңгейінде болу үшін, құндіз-тұні бірдей еңбектену, өмір бойы оқу, жаттығу, қажырлы-қайратты болуым қажет.


Тәрбиелі адамдар адамның жеке басын құрмет тұтады, сондықтан әрқашан кешірімді, биязы, кішіпейіл келеді.


Олар ақкөніл, өтірік айтудан оттан бетер қорқады. Тіпті түкке тұрмайтын нәрселерге байланысты өтірік айту дегенді білмейді. Олар босқа көп сөзге салынбайды, үйінде қандай болса, көшеде де сондай көрінеді».

А.П. Чеховтың інісіне жазған хатынан

2-тапсырма

Суреттерге мұқият қара. Осы суреттердің бірінің мазмұнын сипаттап жаз.





3-тапсырма

Өлеңді жалғастырып жаз.

Атам менің әмәнда,
Кішіпейіл бол дейтін.

Атам менің әмәнда,
Әділетті бол деген.

Атам менің әмәнда,
Мейірімді бол дейтін.

Атам менің әмәнда,
Ынтымақшыл бол дейтін.



4-тапсырма


Қажетті сөздердің ішінен өзіңнің мінез-құлқынды жетілдіруге қажет қасиеттерді тауып жаз. Сол қасиеттерге анықтама жаз.

Қажетті сөздер: әдептілік, жауапкершілік, сенімділік, қамқорлық, татулық, кішіпейілділік, кешірімділік, сыйластық.

ЖОБА КҮНДЕЛІГІ

Жоба барысында қандай біліктер мен дағдыларды игердің?

Жоба нәтижесінде болашаққа қандай мақсаттар қойдың?



23–24 сабақтар
СЕНІМ ТУРАЛЫ

Бойымыздағы сенімділік, өзгелерге де сеніммен қарауға көмектеседі Франсуа де Ларошфуко

1-тапсырма

«Өзіңе сенімділік мақсатқа жеткізер» тақырыбында ой-толғау жаз.

2-тапсырма

«Сенім» деген сөздің әрбір әрпінен басталатын адами қасиетті білдіретін сөздерді жаз.

3-тапсырма

Жағдаяттардың шешімін жаз.

1-жағдаят

Берік өзінің досы Арманның «Менің атым – Қожа» кітабын сұрап алған еді. Берік үйіне келген соң, кітапты үстел қойып кете барды. Кенет басқа бөлмеден үш жасар кішкентай қарындасты Нұрия жүгіріп келеді. Кітапты қызыға қарап, байқаусызда бетін жыртып алды.

– Сенің әрекетің қандай?

2- жағдаят

Анасы Еркінге теледидардан мультфильм көріп болған соң, үй жұмысына берген тапсырмаларын орындаپ, дүкеннен нан мен сүт алып келуді тапсырды. Мультфильм біткен соң, көрші балалар Еркінді аулада ойнауға шақырды. Еркін балаларға қызыға қарап, көрші балалармен ойын ойнауға кірісіп кетті.

– Еркін анасының сенімін ақтай алды ма?

4-тапсырма

Әдібай Табылдының сенім туралы айтқан ойларын негізге ала отырып, «Сенім туралы» өз түсінігінді жаз.

«Сенім – құдіретті күш!

- дәрігердің емдік іс-әрекетіне толық сенсең, ауруыңнан толық жазыласың;
 - ертенгі мақсатыңа сенсең, қандай қыындық болса да, әрекеттеніп, мақсатыңа жетесің;
 - әлеуметтік келешегіңе сенсең, сол бақытқа өзің де барлық адамдармен бірге үмтүласың. Сенімің берік болсың»

ТЕСТИЛЕУ

1-тест

Досың Әлішер екеуін бірге доп теуіп қызық ойын ойнап жатырыңдар. Бір кезде алыстан ауыр сөмкелерді көтеріп үйге келе жатқан анаңды көрдің.

Сенің әрекетің қандай?

- А) Анаңның қасына жақындаپ көмектесесің.
- Ә) Досыңмен бірге ойыныңды жалғастырасың.
- Б) Анаңды көрмегенсіп, алысқа кетіп қаласың.

2-тест

Сен досыңнан бір қызық кітап беруін өтіндің. Ертеңіне ол кітапты саған әкеп береді. Үйіне алып кетіп, кітапты ашып қарасаң, 500 теңге тұрғанын көрдің.

Сенің әрекетің қандай?

- А) Дереу ақшаны алып, балмұздақ алып жейсің.
- Ә) Ақшаның кітаптың арасынан шыққанын ешкім білмеген соң, сен ол ақшаны өзіңе қалдырасың.
- Б) Ақшаны орнына салып, досыңа айтасың.

3-тест

Сен доп теуіп далада ойнап жүрсің. Бір уақытта доп қатты ұшып кетіп, көрші үйдің терезесіне тиіп кетеді. Терезе быт-шыт болып сынады. Сен жан-жағына қарасаң, айналада ешкім жоқ, көше тым-тырыс.

Сенің әрекетің қандай?

- А) Сен үндемей ғана, ол жерден кетіп қаласың.
- Ә) Терезе сынған үйге барып, кешірім сұрайсың.
- Б) Сен аландастан, ойыныңды жалғастыра бересің.

4-тест

Саған әкең сабақтан кейін ауланың алдында үйліп жатқан қарды тазалап тастауды тапсырды. Сен сабақтан келгеннен соң, шаршап үйықтап қалдың. Әкең кешке келгенде үйдің алды тазаланбағанын көрді.

Сенің әрекетің қандай?


- А) Әкеңнен кешірім сұрап, дереу қарды тазалауға кірісесің.
- Ә) Үйықтап қалғаныңды айтып, ертең тазалайтыныңды айтасың.
- Б) Бұл тапсырманы маңызды деп санамастан, мән бермейсің.

ЖОБА КҮНДЕЛІГІ

Менің жобадан үйренгенім

Жоба дамытқан құндылықтарым және қасиеттерім

Менің жобадан түйгөнім



IV ТАРАУ АДАМЗАТТЫҢ РУХАНИ ТӘЖІРИБЕСІ

25-26 сабактар ТАБИҒАТ – ШАБЫЛТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Табиғаттың өзінде өзгеше бір сүйсінерлік,
жанға жайлы бір нәрсе бар.
Шоқан Уәлиханов

1-тапсырма

Абайдың жыл мезгілдеріне байланысты шығарған өлеңдерін мұқият оқып, алған әсерлерінді сипаттап жаз.

Жазғытұры

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырап жердің жүзі.
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Түие боздап, қой қоздап - қора да шу,
Көбелекпен, құспенен сай да ду-ду.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбыр қағып, бұрандап ағады су.

Күз

Сұр бұлт түсі сүйк қаптайды аспан,
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар құлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айрылған ағаш, қурай.

Қыс


Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі сүйк,
Басқан жері сықырлап, келіп қалды.
Дем алысы - үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдан - қыс келіп, әлек салды.

2-тапсырма

«Табиғат мені шабыттандырады» тақырыбына эссе жаз.

3-тапсырма

Тұған жерінің әсем табиғатын көз алдарына елестете отырып, сурет сал.



4-тапсырма

Жағдаяттарды жалғастырып, шешімін жаз.

1- жағдаят

Серік бақ ішінде келе жатыр еді, терек бұтақтарын сыңдырып жатқан балаларды көрді де, тұрып қалды...

2-жағдаят

Серік достарымен бірге ауыл сыртындағы бұлаққа келді. Олар өздері жиі келіп тамашалайтын бұлақтың көзі қалдық шөптер, босаған ыдыстармен, қоқыстардан бітеліп қалғанын көрді...


3- жағдаят

Сынып жетекшісі сабак соңында ертеңгі болатын сенбілікке өз еріктерімен қатысып, мектептің ауласын тазалауға көмектесуге болатынын айтты. Серік ойланып қалды.

ЖОБА КҮНДЕЛІГІ

«Өзін-өзі тану» пәнін оқи отырып, осы оқу жылында не істей алдым?

Өз жобамды орындау арқылы қандай нәтижеге қол жеткіздім?



**27-28 сабактар
ОЙДЫҢ, СӨЗДІҢ ЖӘНЕ ИСТИҢ
БІРЛІГІНДЕГІ ӨМІР**

**Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.**
Абай Құнанбаев

1-тапсырма

Көрнекті ағартушы Ұбырай Алтынсариннің «Таза бұлақ» еңбегінен алынған үзіндіні оқып, өз түсінігінді жаз.

...Менің ойыма бір нәрсе келеді: бұл бұлақтың сұры бір орында тұнып тұрып, шөп шалам түсіп, лай-қоқым болса, адам мен хайуан мұнша ынтық болмас еді; бұлақ күні-тұні тынбай ағып, тазаланып тұрғаны үшін ынтық болады.

Олай болса, жазудың мағынасы: көнілінді, бойынды осы бұлақтай таза сақта: бұлаққа қарасан, күн түссе күннің, шөп түссе шөптің сәулесін көреміз, көнілің сол сияқты сыртқа ашық көрініп тұрсын дегені ме деймін.

2-тапсырма

«Әдепті бала – арлы бала» тақырыбына эссе жаз.

3-тапсырма

Кеменгөр жазушы Мұхтар Әуезовтің «Күшіңе сенбе, адап ісіңе сен» деген қанатты сөзін қалай түсінгенінді мысал келтіре отырып, жаз.

4-тапсырма

Өткен аптада өзіңе және өзгелерге берген уәделерінді есіңе түсіріп, оларды қаншалықты орындағаның жөнінде шағын әңгіме жаз.

ЖОБА КҮНДЕЛІГІ

Жобамен жұмыс кезінде қандай әсерге бөлендім?

Нені білдім? Не түсіндім? Нені үйрендім?

29-30 сабақтар

**Халық пен халықты,
адам мен адамды теңестіретін – білім.**
Мұхтар Әуезов

1-тапсырма

«Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» тақырыбына эссе жаз.

2 тапсырма

Мәтінді мұқият оқып, сұрақтарға жауап жаз.

Ділдә Матайқызы

Білім мен байлық

Білім мен байлықтың қайсысын таңдарын білмей жол айрығында жасөспірім бір ғұламаға келіп ақыл сұраған екен. Сонда ғұлама білімнің артықтығын әртүрлі дәлелмен дәлелдепті.

Білім – даналардан қалған мирас, білім сені бағады, ал байлықты сен бағасың. Білім досыңды қөбейтеді, ал байлық дұшпаныңды арттырады. Білім іздеген сайын қөбейе береді, молая береді, жұмсағанмен азаймайды, ал байлық жұмсасаң азаяды, кемиді, жойылады.

Білімің көп болса, ел сені құрмет тұтады, ал байлығың мол болса қызғанады. Білімге есеп-қисап жүргізбейсің, ал байлығыңды қунде есептеп отыруың қажет. Білім қаншама көп болғанымен іріп-шірімейді, бүлінбейді, ал байлық бір жұттық, өледі, жоғалады.

Білім жан дүниенді байытады, ал байлық қиялдыңды, көзқарасыңды шектейді, тұра жолдан тайдырады.

Білімді адам мәдениетті, әдепті, адамгершілікті болады, ал байлығы мол адам мақтанады, әркімге астамшылық көрсетеді.

Таразының қай басы ауыр тарқанын өздерің бағамдай жатарсыңдар.

Сұрақтар:

- Білім адамға не үшін қажет?
 - Өзің білім алу үшін қандай іс-әрекеттер жасар едің?
 - Адамға ең алдымен қандай білім қажет?
-
-
-
-
-
-
-
-
-
-
-
-
-


ЖОБА КҮНДЕЛІГІ

Қандай адам болғым келетінің түсінуге жоба көмектесе алды ма?

Өзімді-өзім жетілдіруге жоба жұмыстарының қандай ықпалы болды?

3-тапсырма

Наурыз мерекесі туралы сурет сал.



31-32 сабақтар АР ІЛІМІ

**Ақылның болса, арынды сақта,
Ар, үят керек әр уақытта.
Халық нақылы**

1-тапсырма

«Арынды жасыңнан сақта!» деген нақыл сөздің мағынасына үніліп, ой-қорытынды жаз.

2-тапсырма

Берілген сөйлемдерді өз ойынмен аяқтап жаз.

Әділ сәйлеп, адал жүрген адамның ...

Ала жіпті аттамағанның абыройы биік, өйткені ...

Әрлі болғанша, арлы бол, себебі ...

Адам болам десен, арынды сақта, өйткені ...

3-тапсырма

Адалдық, әділдік, шыншылдық, ізгілік туралы мақал-мәтедер жаз.

4-тапсырма

Берілген жағдаятты мұқият оқып, шешімін жаз.

Менің ең жақын досым мектепте бір баламен достасқан, ол күнде кешке қарай мені өзімен бірге серуендеп жұруге шақырады. Ол: «Менің анам, сенімен бірге жүргенімді білсе, қарсы болмайды», - дейді. Досыма үйінде ата-анасты ұрыспауы үшін, мен бірнеше рет телефон арқылы оларға өтірік айттым. Басында мен қиналмастан оларды жасырып жүрдім, ал қазір олар мені пайдаланып жүр, ал мен күнде өтірік айтуды ұнатпайтын болдым. Мен досымнан ажырағым келмейді. Сонда мен не істеуім керек?

- Сен балаға қандай ақыл-кенес берер едін?

ТЕСТИЛЕУ

1-тест

Сендер саябақта достарыңмен қыдырып жүрсіндер. Тәтті кәмпит сатып алып, орындыққа жайғастындар. Орындықтың қасында қоқыс жәшігі тұрса да, сенің қасындағы кейбір достарың сыптырылған жерге кәмпит қағаздарын тастай салды.

Сенің әрекетің қандай?

- А) Достарыңа дереу кәмпит қағаздарын қоқыс жәшігіне тастауды айтасың.
- Ә) Өзіңе қатысты болмағандықтан, достарыңның бұл әрекетіне араласуды жөн санамайсың.
- Б) Достарыңның бұл әрекетіне мүлдем назар аудармайсың.

2-тест

Ертеңгі болатын досыңның туған күніне арнап сыйлыққа сурет салып келемін деп бүкіл сыныптастарыңа уәде беріп қойдың. Үйге келіп сурет салғалы жатқанында ауладағы достарың велосипед тебуге шақырды.

Сенің әрекетің қандай?

- А) Бүгін велосипед тебе алмайтыныңды айтып, сурет салуға кірісесің.
- Ә) Велосипед тебу үшін бірден аулаға шығасың.
- Б) Сурет орнына басқа сыйлық ала саламын деген оймен велосипед тебуге шығасың.

3-тест

Кешкісін үйге берілген тапсырманы орындалап отыр едің, теледидардан өзің сүйіп көретін мультфильм басталатын уақыт болып қалды.

Сенің әрекетің қандай?

- А) Тапсырманы ертең сабак алдында досымнан көшіріп аламын деген оймен мульфильм көресің.
- Ә) Бірден мульфильмді көруге кірісесің.
- Б) Мультфильмге көңіл аудармай берілген тапсырманы орындаіссың.

4-тест

Сабақтан қайтып келе жатып сөмкен ауыр болғандықтан автобусқа міндің. Автобустағы бос тұрған жалғыз орынды көріп, қуана жайғасып алдың. Алайда, келесі аялдамадан бір қарт әжей мініп, сенің қасында келіп тұрды.

Сенің әрекетің қандай?

- А) Қарт әжейге орын бермейсің.
- Ә) Бірден орнынды қарт әжейге ұсынасың.
- Б) Әжейдің қолындағы сөмкесі ауыр емес, ал менікі ауыр деген оймен отыра бересің.

ЖОБА КҮНДЕЛІГІ

Менің жобадан үйренгенім

Жобада дамытқан құндылықтарым мен қасиеттерім

Менің жобадан түйгенім

33-34 сабактар ӘСЕМДІК ӘЛЕМІНДЕ

**Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы
жақсы мінез-құлышқа байланысты**
Әбу Насыр әл-Фараби

Жоба күнделігі

5-сыныпта өзін-өзі тану сабактарынан үйренгенім

Өз бойымнан көргім келетін қасиеттер

Басқалардың бойынан көргім келетін қасиеттер

Достарыма берер кеңесім

Өзімнен кішілерге айтар ақылым

Ата-анаммен сөйлескім келетін тақырыптар

Ұстазыма айтар тілегім

Менің қызығушылықтарым

Келесі сыныптарда өзін-өзі тану сабактарынан білгім келетіні



ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ

ОҚУШЫ ДӘПТЕРІ

5-СЫНЫП

Редакторы

Суретшісі: Д.Д. Алиева

Корректоры